



РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ  
ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ДІНИ ҰЙЫМЫ

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ МҰСЫЛМАНДАРЫ  
ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ  
МУФТИ ШЕЙХ РАВИЛЬ ГАЙНУТДИННЫҢ  
ИД АЛЬ-ФИТРДЫҢ (ОРАЗА АЙТ МЕЙРАМЫ)  
КЕЛУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

**ЖОЛДАУЫ**

Мәскеу  
1445 х.ж. 1 Шәууәл  
2024 жылғы 10 сәуір



بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

**Бисмилляхир- рахманир-рахим!**

**Барлық мақтау мен мадақ бүкіл әлемнің жаратушысы және ризықтандырушы Алла Тағалаға болсын! Алланың елшісі пайғамбарымыз Мұхаммедке ﷺ, оның отбасына және қиямет күніне дейін оның соңынан ерген сахабаларына Аллаһ Тағаланың игілігі мен салауаты болсын!**

السلام عليكم ورحمة الله وبركاته

**Сіздерге сәлем, Алланың рақымы мен игілігі болсын!**

**Құрметті менің бауырларым!**

Ресей Федерациясы Мұсылмандары Діни Басқармасының атынан Сіздерді, туыстарыңыз бен жақындарыңызды екі жарқын мерекеміздің бірі — хижраның 1445 жылғы Ид аль-Фитр — Ораза айт мейрамының келуімен құттықтаймын.

Бұл мүбәрәк айда біз мүмкіндігінше көп сауапты амалдар жасауға ұмтылдық: Құран Кәрімді, қосымша намаздар оқыдық, садақа бердік, мешітте Аллаға құлшылық еттік және де, әрине, Алла Тағаланың әмірін орындап, оразаны ықыласпен ұстадық:


يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا كُتِبَ عَلَيْكُمُ الصِّيَامُ كَمَا كُتِبَ  
عَلَى الَّذِينَ مِن قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ

**«Ей, мүміндер! Сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей, сендерге де ораза парыз етілді. Осылайша сіз ұстамды бола аласыз»  
(Құран Кәрім, 2:183).**

Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед ﷺ Рамазанның маңыздылығына тоқталып, бізге былай деген:

من صام رمضان إيماناً واحتساباً غفر  
له ما تقدم من ذنبه

**«Кімде-кім Рамазан айында сауапқа сеніп, тек Алла Тағаланың разылығы**



үшін ораза ұстаса, оның  
өткен күнәлары кешіріледі»  
(әл-Бұхари).

Рамазан айының осынау мүбәрәк күн-дерінде ақ және таза ниетпен жасаған амалдарымызды Алла Тағала қабыл етіп, жер тіршілігінде де, мәңгілік өмірде де еселеп сауапқа кенелтуін шын жүректен тілейміз.

Бұл қасиетті айда ораза ұстау, жан дүниемізді дамытуды ғана емес, басқа адамдарға адамгершілік қызмет ету арқылы Аллаға құлшылық ету қағидасын да меңзейтіндіктен мінсіз болып табылады. Осыған ұқсас қағида басқаларға жақсылық жасауда, оларға жақсы сөздер айтуда, мұқтаждар мен тұрмысы төмендерге, жетімдер мен қарттарға моральдық және материалдық қолдау көрсетуде де көрініс табады. Адамдарға қызмет ету қағидасы адамның табысы қандай болуына қарамастан, әрбір мұсылман үшін міндетті садақа, Рамазан айында бекітілген оразаның зекеті- пітір садақасынан көрініс табады:

فرض رسول الله — صلى الله عليه وسلم — زكاة الفطر  
طهارة للصائم من اللغو والرفث وطعمة للمساكين


Алланың елшісі ﷺ ораза ұстаушыны жаман және бос сөзден тазарту, сондай-ақ мұқтаж жандарға тарту ретінде пітір садақасын беруді міндеттеді». (Әбу Дауд).



Ораза бізді жоғарылатып, тазартады. Тәубеге келу және үміт ете отырып, біз Алла Тағаланың рұқсатымен, Алладан саналы түрде қорқу мен тақуалыққа терең бойлаймыз. Ораза өзіңе деген немқұрайлылық пен айналаңдағыларға деген немқұрайлылықтан оятады!

ما آمن بي من بات شبعاناً و جاره جائع إلى جنبه و هو يعلم

«Көршісінің аш екенін біле тұра, өзі тоқ ұйықтаған адамның иманы кемшін және шыншыл емес!» (әт-Табарани).

Донбасста, Палестинада және әлемнің басқа да өңірлерінде жазықсыз адамдардың қаны төгіліп жатқан бұл күндері біз — Ресей Федерациясының мұсылмандары, мұқтаждық пен қиыншылықта қалған, тек оразада ғана емес, басқа айларда





да аштыққа ұшырап  
жатқан жандардың азабы  
мен қасіретін сезінеміз.

Әлемдердің Раббысынан Газа тұр-  
ғындарының қайғы-қасіретін жеңілдетіп,  
қасиетті жерде бейбітшілік орнатуын тілейміз.

Арнайы әскери операцияның ұрыс даласында еліміздің  
мүддесі, Отанымыздың қауіпсіздігі үшін күрес жалғасуда. Бұл  
халқымыз үшін, әсіресе, солар үшін дұға ете отырып, Алла Тағала-  
дан көмек сұрайтын, әскери қызметшілеріміз үшін үлкен сынақ.

Осы Рамазан мен Ораза айт мейрамы ақиқат пен әділеттің салтанат құра-  
тынына деген нұрлы үмітімізді жан дүниемізде арттыра берсін, Алла  
Тағала қасиетті кітабында былай деген:

وَقُلْ جَاءَ الْحَقُّ وَزَهَقَ الْبَاطِلُ إِنَّ الْبَاطِلَ كَانَ زَهُوقًا

«**Хақиқат келді. Негізсіз нәрселер жойылды.  
Сөзсіз, бекер нәрселер жойылады**» де.».

(Құран Кәрім, 17:81).

Құрметті бауырлар, жер шарының түкпір-түкпіріндегі мұсылмандардың  
шаңырағында бейбітшілік, береке-бірлік, өзара түсіністік орнасын, қазір  
кемшілік көріп, қиналып жатқандарға жеңілдік берсін, науқас адам дер-  
тінен айығып, мұсылман бола отырып, осы айды құлшылықпен өткізген  
жан келесі Рамазанды аман-сау қарсы алсын деп Алла Тағаладан дұға  
етеміз. Аумин!

والسلام عليكم ورحمة الله وبركاته

*Сізге құрметпен және бауырластық дұғамен,*

Рауи Гайнуддин

**Мүфти шейх Равиль Гайнутдин,**

Ресей Федерациясы

Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы

